

## **"Балқашмыс" акционерлік қоғамын құру және оның мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін сату туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қ А У Л Ы С Ы 1995 жылғы 11 тамыз N 1118

Әлемдік нарықта бәсекелесу қаблетті мыс пен мыс өнімдерін өндіру жөнінде шаруашылық серіктестік құру, сондай-ақ оның дамуы үшін инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жаңадан құрылған "Балқашмыс" акционерлік қоғамына қосылу арқылы өздерінің қайта ұйымдастырылуы туралы "Шилісай", "Көктау" акционерлік қоғамдарының жалпы жиналыстарының шешіміне келісім берілсін.

2. Құрамына салынып жатқан "Бозшакөл" тау-кен комбинатын "Шилісай" және "Көктау" акционерлік қоғамдарын, сондай-ақ, Балқаш жылу электр станциясын қосып, "Балхашмедь" өндірістік бірлестігінің базасында "Балқашмыс" ашық тұрпатты акционерлік қоғамы құрылсын.

3. "Балқашмыс" акционерлік қоғамы "Балхашмедь" өндірістік бірлестігінің салынып жатқан "Бозшакөл" тау-кен комбинатының, "Шилісай", "Көктау" акционерлік қоғамдарының, Балқаш жылу электр станциясының құқықтары мен міндеттерін қабылдаған құқықтық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1995 жылдың 1 шілдесіндегі жағдайы бойынша салынып жатқан "Бозшакөл" тау-кен комбинатының, "Шилісай", "Көктау" акционерлік қоғамдарының және Балқаш жылу электр станциясының негізгі қорларына қайта бағалау жүргізісін;

"Балхашмедь" өндірістік бірлестігінің, салынып жатқан "Бозшакөл" тау-кен комбинатының, "Шилісай", "Көктау" акционерлік қоғамдарының және Балқаш жылу электр станциясының негізгі қорларын, айналымдағы қаржысын және басқа да мүліктік құқықтарын құрылтайшылық жарна ретінде "Балқашмыс" акционерлік қоғамының жарғы қорына қосу туралы мәселе қайта бағалаудың нәтижесі бойынша шешілсін;

"Балқашмыс" акционерлік қоғамының жарғысы және Байқаушы кеңесінің құрамы бойынша ұсыныстар бір ай мерзімде әзірленіп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге енгізілсін.

5.

<\*>

6. Жекешелендірудің бірінші кезеңінде сатылуға жататын "Балқашмыс" акционерлік қоғамының акцияларын бөлудің мынадай тәртібін конкурстық комиссия қарастырсын:

"Балқашмыс" акционерлік қоғамының еңбек ұжымына 10 проценті;

<\*>

<\*>

купондық акционерлерге инвестициялық жекелендіру қорларына сату үшін 5 проценті.

<\*>

<\*>

<\*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтан абзацтар алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1997.01.16. N 80 қаулысымен.

P970080\_

7. Балқаш жылу электр станциясы "Қазақстан Республикасының электр энергетика саласын басқарудың құрылымын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1033 P951033\_ қаулысымен құрылған "Қарағандаэнерго" Қарағанды электр энергетика жүйесінің құрамынан шығарылсын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі бір ай мерзімде Балқаш жылу электр станциясының негізгі қорларын, айналымдағы қаржысын және басқа да мүліктік құқықтарын "Балқашмыс" акционерлік қоғамының жарғы қорына берсін.

9. Әділет министрлігі осы қаулыға қайшы келетін үкімет шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныс әзірлесін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы "11" тамыздағы  
N 1118 қаулысына  
қосымша

"Балқашмыс" АҚ мемлекеттік акциялар пакетінің  
бір бөлігін сату және шетелдік инвестицияларды  
тарту бойынша шаралар кешенін әзірлеу және  
жүргізу жөніндегі конурстық комиссияның

Қ Ұ Р А М Ы

Сапарбаев Б.М. - Қазақстан Республикасы Министрлер  
Кабинеті Аппаратының Басшысы (төраға)

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті  
басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің  
төрағасы (төрағаның орынбасары)

Комиссияның мүшелері:

Өтепов Э.К. - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру  
жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы

Дәукеев С.Ж. - Қазақстан Республикасының Геология және  
жер қойнауын қорғау министрі

Адасбаев Е.А. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті  
Аппараты Экономикалық саясат бөлімінің

аға референті

Жәркенов М.И. - Қазақстан Республикасы Экономика  
министрлігі базалық салалар бас  
басқармасының бастығы

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің  
орынбасары

Мұртазаев М.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және  
сауда министрінің орынбасары

Мәдиев Б.М. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті  
басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің  
жеке жобалар бойынша жекешелендіру  
басқармасының бастығы

Төлебаев Р.А. - "Балхашмедь" өндірістік бірлестігінің бас  
директоры